Тоңазытқыш шкафты пайдаланар алдында оны осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта жазылғандай дұрыс қойып, орнату керек, сондықтан осы пайдалану туралы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Электр тоғы соғуының, от шығуының алдын алу үшін сақтық шараларын сақтаңыз.



- Жерге тұйықталған үш түйіспелі рәзеткеге қосыңыз, жерге тұйықтайтын түйіспені жоймаңыз, адаптер және ұзартқыш пайдаланбаңыз.
- Пайдаланар алдында барлық панельді орнына қойыңыз.
- Тек тоңазытқыш шкафқа қызмет ететін жеке контур қарастыруға кеңес беріледі. Ажыратқыш не тартқыш-ілініс құрылғыларының көмегімен сөндіруге болмайтын рәзеткелер пайдаланыңыз.
- Тоңазытқыш шкафтың бөлшектерін тазалау үшін тез тұтанатын сұйықтық қолдануға тыйым салынады. Олардың буы тұтану немесе жарылу қаупін тудыруы мүмкін. Бензин немесе басқа тез тұтанатын сұйықтықтар мен буларды осы немесе кез келген басқа тоңазытқыш шкафтың қасында сақтамаңыз және пайдаланбаңыз. Олардың буы тұтану немесе жарылу қаупін тудыруы мүмкін.
- Электрлі ашаны су қолмен қоспаңыз және ажыратпаңыз.
- Тазалау немесе қызмет көрсету алдында тоңазытқыш шкафты желіден немесе қуат көзінен ажыратыңыз. Бұл ережені сақтамау электр тоғы соғуына немесе өлімге әкелуі мүмкін.
- Егер осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта кеңес берілмесе, тоңазытқыш шкафты жөндеуге немесе оның қандай да бір бөлігін ауыстыруға тырыспаңыз. Кез келген басқа қызметті білікті техникалық маман атқаруға тиіс.
- Бұл тоңазытқыш шкафта хлорфторкөміртек пен гидрофторкөміртек жоқ және қоршаған ортаға зияны болмағанмен, тез тұтанатын изобутанның (R600a) аздаған мөлшері бар. Ол озон қабатын зақымдамайды және парник әсерін арттырмайды. Тоңазытқыш шкафты тасымалдағанда және орнатқанда салқындату жүйесінің бөлшектерін зақымдап алмау үшін сақтық таныту керек. Салқындатқыш сұйықтық ағып кеткен жағдайда тұтанып, көзді зақымдауы мүмкін.

- Сұйықтық ағып кеткен жағдайда:
 - Ашық от көздері мен ұшқын шашатынның бәрінен аулақ болыңыз;
 - Тоңазытқыш шкафты электр желісінен ажыратыңыз;
 - Тоңазытқыш шкаф тұрған бөлмені бірнеше минут желдетіңіз;
 - Кеңес алу үшін Сервис бөліміне жүгініңіз.
- Бұл тоңазытқыш шкафқа уәкілетті Сервистік орталық қызметкерінен басқа кез келген тұлғаның қызмет көрсетуі немесе оны жөндеуі қауіппен байланысты.
- Тоңазытқыш шкафты пайдалануға арналған бөлменің кеңес берілетін көлемі кем дегенде 15 м3 болу керек.
- Салқындату жүйесінің түтіктерін зақымдап алмау немесе сұйықтық ағып кету қаупін арттырмау үшін тоңазытқыш шкафты ұстағанда, орнын ауыстырғанда және пайдаланғанда абай болыңыз.
- Жарамсыз бөлшектер қолдану немесе дұрыс қызмет көрсетпеу қаупін барынша азайту үшін құрамдас бөлшектерін ауыстыру және қызмет көрсету жұмыстарын сервистік орталықтың уәкілетті қызметкері атқаруға тиіс.



ЕСКЕРТУ

ТӨМЕНДЕ АТАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕРДІ ОЛАР СІЗДІҢ ТОҢАЗЫТҚЫШ ШКАФЫҢЫЗҒА ҚОЛДАНУҒА ЖАРАСА ҒАНА САҚТАҒАН ЖӨН

- Тоңазытқыш шкафты екі не одан көп адам ауыстырып, орнатқаны абзал. Бұл ережені сақтамау арқаны зақымдауға не басқа жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Тоңазытқыш шкафыңыз тиісінше желдену үшін алдыңғы бөлігін қалқаламаңыз.
- Температурасы 7°C-тан (44°F) жоғары және 32°C-тан (90°F) төмен жақсы желденетін бөлме таңдаңыз.
- Тоңазытқыш шкафты тұмшапеш, гриль немесе басқа қатты қызатын құрылғыларға жақын орнатпаңыз.
- Тоңазытқыш шкаф барлық электр, су құбыры және көріз құбырларына мемлекеттік және жергілікті нормаларға сәйкес жалғануға тиіс.
- Тоңазытқыш шкаф қуат алу үшін стандартты (220–240 В, 50 Гц), Халықаралық электротехникалық нормалар мен ережелерге және жергілікті нормалар мен қаулыларға сәйкес жерге тұйықталған қуат көзі керек.
- Тоңазытқыш шкафтың қуат баусымын бүкпеніз және қыспаңыз.
- Дұрыс жұмыс істеу үшін тоңазытқыш шкаф теңшелуге тиіс. Оны тиісінше теңшеу үшін бірнеше түзету енгізу қажет болуы мүмкін.
- Орнату жұмыстарының барлығы жергілікті сантехникалық нормаларға қойылатын талаптарға сай орындалуға тиіс.
- Орнатқан кезде құбырлар қысылмағанына, бүгілмегеніне және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Қосқан соң жалғанған жерлерінің герметикалығын тексеріңіз.
- Ешқандай жағдайда балалардың тоңазытқыш шкафты пайдалануына, онымен ойнауына және ішіне кіруіне жол бермеңіз.
- Ішкі беттерін тазалау үшін еріткішке негізделген тазартқыш құралдар немесе абразивті материалдар пайдаланбаңыз. Оларды пайдалану тоңазытқыш шкафтың ішкі бөлігінің түссізденуіне немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Бұл тоңазытқыш шкафты тек осы Пайдалану туралы нұсқаулықта көрсетілгендей, тікелей мақсатына сай пайдаланыңыз.
- Саусағыңызды қысып қалуы мүмкін аймақтардан алыс ұстаңыз. Есік пен шкаф арасында әдейі барынша аз саңылау қарастырылған. Бөлмеде балалар болса, есігін жапқанда абай болыңыз.



ҚАУІПТІ



Балалардың қамалып қалу қаупі!

Абайсызда тоңазытқыш шкафта қамалып қалып, тұншығу – балаларға қауіп төндіретін мәселелер. Қараусыз қалған және қолданылмайтын электрлі аспап "бірнеше күн тұрса да" бұрынғыдай қауіпті саналады.

**- ОСЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ
НҰСҚАУЛЫҚТЫ ҰҚЫПТАП САҚТАҢЫЗ -**

ОРНАТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Тоңазытқыш шкаф уылдырық пен балық пресерваларын сақтауға және көрсетуге арналған. Бұл шкаф тек коммерциялық мақсатта қолдануға арналған және тұрмыстық жағдайда қолданылмайды.

Пайдаланар алдында

- Сыртқы және ішкі қаптамасын алыңыз.
- Тоңазытқыш шкафы қуат көзіне қосар алдында шамамен 2 сағат тік күйінде тұруына мүмкіндік беріңіз. Бұл тасымалдау кезінде дұрыс ұстамау салдарынан салқындату жүйесінің істен шығу мүмкіндігін азайтады.
- Тоңазытқыш камерасының ішкі бетін жылы суға малған жұмсақ матамен сүртіңіз.

Тоңазытқыш шкафы орнату

- Тоңазытқыш шкаф бөлме ішінде қодануға арналған кіріккен, батқан немесе бөлек тұрған құрылымға арналған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Бұл тоңазытқыш шкаф дәрі-дәрмек немесе басқа медициналық бұйымдар сақтауға арналмаған.

- Тоңазытқыш шкафы оны жүктегенде шыдас беретін барынша мықты еденге орнатыңыз. Оның күйін теңшеу үшін реттелетін алдыңғы аяқтарын реттеңіз.
- Автономды орнату үшін тоңазытқыш шкафың алдыңғы және бүйір жақтары арасындағы 5 дюйм (127 мм), үстінен 4 дюйм (102 мм) қашықтықты сақтауға кеңес береміз, бұл компрессор мен конденсаторды суыту үшін қажет ауа айналымын қамтамасыз етеді. Кіріктіріп орнатқанда да әр жағы мен үстінен ¼ дюйм (6.35 мм), артынан 2 дюйм (51 мм) қалдыру керек. Тоңазытқыш шкафың алдыңғы бөлігіндегі желдету тесігі ешқашан жабылмауын немесе бұғатталмауын қадағалаңыз.

ЕСКЕРТУ: Тоңазытқыш шкафы тұмшалаш, жылыту радиаторы немесе басқа жылу көзіне жақын орнатуға кеңес берілмейді. Тікелей түскен күн сәулесі акрил жабынына әсеру етуі мүмкін, ал жылу көздері электр энергиясын тұтынуын арттырады. Тоңазытқыш шкафы температура 44 °F-тен (7 °C) төмен түсетін жерге орнатпаңыз. Өнімділігі барынша жақсы болу үшін тоңазытқыш шкафы шкаф есігінің артына орнатпаңыз және түбіндегі торды жаппаңыз.

- Тоңазытқыш шкафы ылғал жерге қоядан аулақ болыңыз.
- Тоңазытқыш шкафы бөлек, тиісінше жерге тұйықталған рәзеткеге қосыңыз

Электр желісіне қосу



ЕСКЕРТУ

Жерге тұйықталған штепсель ашасын дұрыс пайдаланбау электр тогы соғуына әкелуі мүмкін. Егер қуат кабелі зақымдалса, оны ауыстыру үшін білікті электршіге немесе авторланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Қауіпсіздігіңіз үшін тоңазытқыш шкафы жерге дұрыс тұйықтаған жөн. Тоңазытқыш шкафың қуат кабелі үш түйіспелі штепсель ашамен жабдықталған, ол электр тогы соғу мүмкіндігін барынша азайту үшін үш түйіспелі стандарт қабырға рәзеткелеріне сәйкес келеді.

Ешқандай жағдайда қоса берілген қуат кабелінің үшінші (жерге тұйықтайтын) түйіспесін кеспеңіз және жоймаңыз. Жеке қауіпсіздікті сақтау үшін тоңазытқыш шкафы тиісінше жерге тұйықтау қажет. Қуатына және/немесе жерге тұйықтауға қатысты кез келген сұрақпен сертификат алған электршіге немесе авторланған сервистік орталыққа жүгінген жөн.

Тоңазытқыш шкафа 220/240 В ауыспалы ток ~ 50 Гц болатын жерге тұйықталған үш түйіспелі электрлі стандартты рәзетке керек.

Рәзетке жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізу үшін рәзетке мен электр тізбегін тексеруді білікті электршіге тапсырыңыз. Екі түйіспелі стандартты қабырға рәзеткесі болса, оны жерге дұрыс тұйықталған үш түйіспелі рәзеткеге ауыстыруға міндеттісіз.

Абайсызда жарақат алуға жол бермеу үшін кабельді ашық не еркін салбырап тұрған күйде қалдырмай, тоңазытқыш шкафтың артына бекітіп қойған жөн.

Тоңазытқыш шкафты әрқашан қуат көзінің кернеуі тоңазытқыш шкафтың паспорттық кестесінде жазылған кернеуге сәйкес келетін рәзеткеге қосқан дұрыс. Бұл барынша жақсы өнімділікті қамтамасыз етеді, сонымен қатар үйдегі электр тізбектерін артық жүктеудің алдын алады, ол қызып кету салдарынан тұтану қаупін тудыруы мүмкін. Тоңазытқыш шкафты желіден қуат кабелінен тартып ажыратуға болмайды. Әрқашан ашадан мықтап ұстап, содан кейін оны рәзеткеден суырыңыз. Тозған немесе басқа жолмен зақымдалған қуат кабельдерін дереу жөндеңіз немесе ауыстырыңыз. Сызат түскен немесе ұзына бойы не кез келген ұшы қажалып, зақымдалған кабельді пайдаланбаңыз. Тоңазытқыш шкафты жылжитқанда қуат кабелін зақымдап алмау үшін абай болыңыз.


Ұзартқыш

Ықтимал қаупіне байланысты белгілі бір жағдайларда бұл тоңазытқыш шкафпен ұзартқыш пайдалануға кеңес берілмейді.

Есікті қайта орналастыру

Есіктің ашылу бағыты сізге ыңғайсыз болса, оны өзгертуге болады. Ол үшін өндіруші қарама-қарсы бетке тесіктер салған. Есіктің ашылу бағытын ауыстыру үшін аталған ескертпелерді орындаңыз:

1. Жоғарғы ілмек қаппағын алып, жоғарғы ілмекті ұстап тұрған бұрандаларды бұраңыз.
2. Есіктің жоғары жағында тұрған тесіктегі ілмек түйреуішін шығару үшін ілмекті жоғары көтеріңіз.
3. Төменгі түйреуіштен шығару үшін есікті сәл көтеріңіз.
4. Төменгі ілмек бұрандаларын бұраңыз.
5. Қарсы беттегі корпустан бітеуіштерді алып, олар алынған қарама-қарсы беттегі тесіктерді бітеңіз.
6. Төменгі ілмекті қарсы бетке ауыстырып, бекіткіш бұрандаларды бұраңыз. Егер олар бастапқы орнату кезінде қолданылмаса, кез келген бөгеткіш шайба не сомын пайдаланыңыз.
7. Есікті төменгі ілмек түйреуішіне орнатыңыз. Жоғарғы ілмек түйреуішін қойыңыз. Жоғарғы ілмектің бекіткіш бұрандаларын салып, бұраңыз.



ТОҒАЗЫТҚЫШ ШКАФТЫ ПАЙДАЛАНУ

Тоғазытқыш шкафты қоршаған орта температурасы 44°-тен 90°F-ке (7°-тан 32°C-қа дейін) дейінгі орынға орнатуға кеңес беріледі. Егер қоршаған ортаның температурасы ұсынылған температурадан жоғары немесе төмен болса, тоғазытқыш шкафтың жұмысына кері ықпал етуі мүмкін. Мысалы, тоғазытқыш шкафты өте суық немесе ыстық жерге қою тоғазытқыш камера ішіндегі температураның құбылуына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда құрылғы жұмыс температурасының диапазонына жете алмайды.

ЕСКЕРТУ: егер тоғазытқыш шкафтың есігі 60 секундтан ұзақ ашық қалса, дыбыстық сигнал естіледі. Есікті жапқанда дыбыс шығаруын қояды

Электронды контроллердің басқару панелі

Уылдырыққа арналған тоғазытқыш шкаф аспабыңыздың төмен жағында орналасқан термостатпен жабдықталған.



Индикаторлық символдар кестесі:

Индикатор	Символ	Состояние	Мәні
Баптау		ҚОСУ	Параметрлерді баптау
		СӨНД	Өлшеу және басқару күйі
Компрессор		ҚОСУ	Компрессор жұмыс істеп тұр
		СӨНД	Компрессор жұмыс істемей тұр
		ЖЫПЫЛЫҚТАУ	Компрессор жұмысы кідіріс уақытында кейінге шегерілген
Есік		ҚОСУ	Есік жабық
		СӨНД	Есік ашық

Батырмалардың атауы және функциясы

Батырма атауы	Функциясы
Set	Баптау параметрлерін енгізу күйі
	Мәзір мен параметрлер арасында ауысу
	Мәзір мен параметрлерді баптау
	Жарық қосу және өшіру + температураны қадағалау батырмасы
	Кері қайту + температураны қадағалау батырмасы
	Параметрлерді баптау режимінен шығу (қайта жүктеу емес, жібіту емес)

Батырмаларды пайдалану

Өлшеу және басқару күйінде "Set" батырмасын 3 секунд басып, артынша пайдаланушы мәзіріне кіріңіз, дисплейге "St" шығады. "Set" батырмасын тағы басыңыз, дисплейге "St" параметрлері шығады. Бұл уақытта сіз  немесе  батырмасының көмегімен температураны өзгерте аласыз.

Дисплейге "St" шыққанда, "Po" көріну үшін  батырмасын басыңыз, "00" көріну үшін артынша "Set" батырмасын басыңыз. Бұл уақытта  немесе  батырмасының көмегімен контроллер әкімшісінің құпиясөзін енгізе аласыз.

Контроллер әкімшісінің құпиясөзін енгізіңіз және дисплейге "Po" шығу үшін "Set" батырмасын басыңыз (құпиясөз енгізуді растау үшін). Контроллер құпиясөзді автоматты түрде тексереді. Құпиясөзді дұрыс енгізген жағдайда (әкімші мәзірі шығады)  немесе  батырмасының көмегімен "St", "Po", "C1", "C2" немесе "Cd3" параметрлерінің мәнін (яғни пайдаланушы немесе әкімші мәзіріндегі параметрлердің кез келген тармағын) таңдай аласыз. Құпиясөз енгізбесе контроллер тек "St" және "Po" параметрлерін көрсетеді. Басқа параметрлер көрінбейді.

Мәзір тармағын таңдаған соң мәзір баптауға арналған тармақ мәнін енгізу үшін "Set" батырмасын басыңыз, мәнді өзгерту үшін  немесе  батырмасын пайдаланыңыз, мәзір тармақтарын таңдауға оралу үшін артынша "Set" батырмасын басыңыз.

Параметрлерді баптау мәзірінен шығып, қолданыстағы мәндерді сақтау үшін кез келген параметр баптау мәзірінде  батырмасын басыңыз немесе 30 секунд бойы батырмаларды баспаңыз.

Ішкі қателер туралы хабарламалар

Қате коды	Қате
E1	Тоңазытқыш шкафтағы температура сезгектерінің қатесі
E2	Булағыш сезгектерінің қатесі
E3	Конденсатор сезгектерінің қатесі
cH	Конденсатор температурасы көтерілгені туралы дабыл сигналының қосылуы
rH	Тоңазытқыш шкаф ішіндегі температура көтерілгені туралы дабыл сигналының қосылуы
rL	Тоңазытқыш шкаф ішіндегі температура төмен екені туралы дабыл сигналының қосылуы

КҮТІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Тоңазытқыш шкафты тазалау

- Электр қуатын өшіріп, тоңазытқыш шкафты электр желісінен ажыратыңыз және сөрелерімен қоса ішіндегінің бәрін алыңыз.
- Ішкі беттерін жылы су мен ас содасының (1 литр суға шамамен 2 ас қасық ас содасы) ерітіндісімен жуыңыз.
- Сөрелерін абразивті емес жуғыш құралмен жуыңыз.
- Басқару элементтері немесе кез келген электрлі бөлігі орналасқан жерлерін тазалаған кезде ысқышты немесе матаны артық ылғалдан сығып алыңыз.
- Сыртқы корпусын абразивті емес жуғыш құрал қосқан сумен жуыңыз. Жақсылап жуып, таза шүберекпен құрғатып сүртіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: *Тазалаған кезде тоңазытқыш шкафты желіден ажыратпау электр тогы соғуына немесе басқа жарақаттарға әкелуі мүмкін.*

Қуат көзінің істен шығуы

Қуат көзінің істен шығуы көбіне бірнеше сағат ішінде жөнделеді және есігін барынша сирек ашсаңыз, тоңазытқыш шкафыңыздың температурасына әсер етпейді. Қуат көзі ұзақ уақыт істен шыққанда ішіндегісін сақтау үшін шара қолдануға кеңес беріледі.

Жұмысындағы кідірістер

- **Қысқа кідірістер:** үш аптадан аспайтын үзіліс жағдайына орай тоңазытқыш шкафты қосуды қалдырыңыз.
- **Ұзақ кідірістер:** егер бірнеше ай бойы жұмыссыз тұруы ықтимал болса, ішіндегінің бәрін шығарып, тоңазытқыш шкафты электр желісінен ажыратыңыз. Тоңазытқыш камерасының ішкі бөлігін мұқият тазалап, құрғатыңыз. Иіс шығуына және зең басуына жол бермеу үшін есігін қажет болса бұғаттап, сәл ашық күйде қалдырыңыз.

Тоңазытқыш шкафты тасымалдау

1. Ішіндегісінің бәрін шығарыңыз.
2. Тоңазытқыш шкаф камерасының ішіндегі заттардың бәрін (сөрелерді) жабысқақ таспа көмегімен мықтап бекітіңіз, есігін де желімдеп жапсырыңыз.
3. Реттегіш аяқтарын зақымдап алмау үшін түбіне көтеріңіз.
4. Тоңазытқыш шкаф тасымалдағанда тік күйінде бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
5. Сонымен қатар зақымдап алмау үшін тоңазытқыш шкафты жамылғымен не соған ұқсас затпен бүркеңіз.

Энергия үнемдеуге қатысты кеңестер

- Тоңазытқыш шкафты бөлмедегі ең салқын жерге, жылу түзетін аспаптардан не күн сәулесі тікелей түсетін орындардан аулақ орнатыңыз.
- Құрылым жақсы желденетініне көз жеткізіңіз. Желдету тесіктерін ешқашан жаппаңыз.
- Есікті қажетінен артық ашық қалдырмаңыз.
- Контейнерлерді тоңазытқыш шкафқа салмай тұрып міндетті түрде құрғатып сүртіңіз. Бұл тоңазытқыш шкаф ішінде қырау түзілуін бәсеңдетеді.
- Камера ішіндегі сақтауға арналған сөрелер мен жәшіктерге алюминий фольга, балауызды қағаз не қағаз сүлгі төсеген жөн. Олар суық ауаның айналуына кедергі жасап, тоңазытқыш шкаф өнімділігінің тиімділігін азайтады.

Тасымалдау, сақтау, кәдеге жарату

- Тасымалдаған жағдайда
Тоңазытқыш шкафты онда көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес зауыт қаптамасында тасымалдау және сақтау қажет.
Тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде сақ болыңыз.
Көлік пен қоймалар өнімді атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.
- Ұзақ уақыт қолданбаған жағдайда
 - * Қуат кабелінің ашасын рәзеткеден суырыңыз.
 - * Зең басу мен буланудың алдын алу үшін бұйым ішіндегі барлық азық-түлікті шығарыңыз. Бұйымды тазалап, құрғатыңыз
- Ескі тоңазытқыш шкафты кәдеге жаратар алдында:
 - Есігін алыңыз;
 - Балалар кірмеу үшін сөрелерін қалдырыңыз.

ТОҢАЗЫТҚЫШ ШКАФТЫ ДҰРЫС КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Бұл таңба осы тоңазытқыш шкафты басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайтынын білдіреді. Қалдықтарды бақылаусыз кәдеге жарату салдарынан қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келуін болдырмау үшін оны материалдық ресурстарын ұтымды қайта пайдалану үшін қайта өңдеуге өткізіңіз. Істен шыққан құрылғыны қайтару үшін қайтару және жинау жүйелерін пайдалануды немесе тоңазытқыш шкафты сатқан бөлшек сауда агентіне жүгінуді сұраймыз. Олар тоңазытқыш шкафты қоршаған ортаға қауіпсіз қайта өңдеу мақсатында алып кете алады.

Тоңазытқыш шкафтың техникалық сипаттамалары

Бұйымның атауы		Уылдырыққа арналған тоңазытқыш шкаф
Моделі		VCH100
Өлшемі	Габариттері (ЕхТхБ), мм	500x540x810
	Пайдалы көлемі, л	91
Өнімділігі	Шарттар	Қоршаған ортаның температурасы 38°С дейін, жүктеме теңдестірілмейді, тікелей күн сәулесінен аулақ болыңыз.
	Температуралы диапазоны, °С	-6 ~ -2
Тоңазыту жүйесі	Компрессор, В	220~240
	Тоңазытқыш агент	R600a
	Булағыш	Ауамен салқындатумен
	Конденсациялық аппарат	Ауамен салқындатумен
Электрлі аспап	Қуат көзі (50Гц болғанда), В	220~
	Шамның максималды қуаты, Вт	2
	Номиналды Ток, А	1
Электр қуат көзі	Кабель ұзындығы, м	1,8
Құрамдас бөліктері		3 сөре
Таза салмақ кг		33
Энергия тиімділік санаты		A
Климаттық санаты		N/SN/ST

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Біз Haier компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ бірегей қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз.

Егер мәселенің шешімін таппаған болсаңыз,

— өзіңіздің ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа: 8-800-070-01-29,

— support-kz@haieronline.kz электрондық поштасына хабарласыңыз, онда сіз қызмет алуға өтініш қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің сервистік орталыққа хабарласқан кезде паспорттық тақтайшадан және чектен табылатын мынадай ақпаратты дайындауды сұраймыз:

Үлгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____

Сондай-ақ кепілдік және сату туралы құжаттардың барын тексеруді сұраймыз.

Маңызды! Тоңазытқыш шкафта сериялық нөмірдің болмауы Өндіруші үшін тоңазытқыш шкафты сәйкестендіруді және соның салдарынан оған кепілдік бойынша қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді.

Тоңазытқыш шкафтан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші тоңазытқыш шкафтың конструкциясы мен жиынтығына қосымша ескертусіз өзгеріс енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Өнім Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді. № ЕАЭС N RU Д-CN.PA02.B.59255/22 сәйкестік декларациясы 21.03.2022 ж-дан 20.03.2027 ж-ға дейін күшінде болады.

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park, Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, Қытай, Сізге таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге және теледидарлық приставкаларға — 3 жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, ұялы телефондар мен гироскутерлерге — 2 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кеңендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier Корпорациясы бұйымның кемшіліктері анықталған жағдайда тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңнамамен, басқа нормативтік актілермен бекітілген тұтынушылар талаптарын қанағаттандыру бойынша міндеттемелерді өзіне алғанын растайды. Алайда, Haier Корпорациясы төменде мазмұндалған шарттар сақталмаған жағдайда кепілдікті қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті қызмет көрсетудің шарттары

Haier Корпорациясы тауар тұтынушыға табыс етілген күннен бастап 12 ай кепілдік мерзімді орнатады. Ықтимал жаңсақтықтарға жол бермеу үшін қызмет ету мерзімі ішінде бұйымға сатылған кезде қоса тіркелетін құжаттарды (сату квитанциясы, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) сақтап қойыңыз.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе сайтта: <https://haieronline.kz/> немесе келесі электрондық пошта арқылы сұрату жасап біле аласыз: support-kz@haieronline.kz Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз..

Кепілдік міндеттемелер ақаулықтары келесілердің салдарынан пайда болған бұйымдарға қатысты болмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау жағдайлары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды қате орнату, бптау және/немесе іске қосу;
- тоңазытқыш сұлбамен жұмыстар технологияларын және электрлік қосылуларды бұзу, сонымен қатар Бұйымды монтаждауға құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
- су құбырларының желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысымнан;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды пайдалану, сонымен қатар жуғыш құралдардың ұсынылған мөлшерлемесінен асып кеткенде;
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланғанда;
- үшінші тұлғалардың әрекеттерінен: уәкілеттері жоқ тұлғалардың жөндеуі немесе өндіріші рұқсат етпеген құрылымдық немесе сызбалы техникалық өзгерістерді енгізуі;
- Стандарттардан және қуат беру желілердің нормаларынан ауытқу;
- еңсерілмейтін күш әрекеттерінен (апат, өрт, найзағай және т. б.);
- жазатайым оқиғалардан, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасқана немесе абайсыз әрекеттерінен
- бұйымның ішіне бөгде заттардың, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің, жәндіктердің тіршілік әрекеттерінің өнімдерінің түсуінен пайда болған бұзылулар анықталса;
- су жылытқыштың толтырылмаған/ толық толтырылмаған бағының іске қосылуының салдарынан термоқорғаудың іске қосылуы

Кепілдікті қызмет көрсету жұмыстардың келесі түрлеріне қатысты болмайды:

- бұйымды пайдаланатын жерде орнату іске қосуға;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқау және кеңес беруге;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазартуға.

Кепілдікті қызмет көрсетуге төменде аталған шығыс материалдар мен керек-жарақтар жатпайды:

- кондиционерлерге арналған сүзгілер;
- кір және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілерге, суды жеткізу/ағызуға арналған құбыршектерге;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, шеткелер, саптамалар, шаң жинағыштар, сүзгілер;
- микротолқындар пештерге арналған тәрелкелер, істекшелер, торлар, табақшалар және қойғыштар;
- сүзгілер, иісті жұтқыштар, шамдар, сөрелер, жәшіктер, қойғыштар және тоңазытқышта азық-түлікті сақтауға арналған басқа ыдыстар;
- басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуат беру элементтері, қуат берудің сыртқы блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қосымша тіркелетін құжаттама.

Бұйымға мерзімдік қызмет (сүзгілерді ауыстыру және т. б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша ақыға жүргізіледі.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірдік болмауы Өндірішіге аспапты сәйкестендіруге, және де, нәтиже ретінде, оған кепілдікті қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіруші тақияшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақияшалардың болмауы кепілдікті міндеттемелерді орындаудан бас тартудың себебіне айналуы мүмкін.



Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech
Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-
тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация/ импортер:
ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом
8, этаж 16, офис 1601.

Тел.: 8-800-250-43-05, адрес эл. почты: info@haierrussia.ru

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:
«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу
ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Тел.: 8-800-070-01-29, эл.поштаның мекенжайы:
support-kz@haieronline.kz

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:
ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы,
Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.
Тел.: 8-800-070-01-29, адрес эл. почты:
support-kz@haieronline.kz

Сделано в Китае
Қытайда жасалған

Дата изготовления и
гарантийный срок указаны
на этикетке устройства

Шығарылған күні және
кепілдік мерзімі
құрылғының
заттаңбасында көрсетілген

